



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№27 (1851)
20 тамыз
2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ • www.kaznu.kz • facebook.com/KazakhNationalUniversity • vk.com/kazuniversity • instagram.com/KAZNU_FARABI

Зерттеу университетінің мақсаты айқын

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚХР-дағы ұялы телефондар мен телекоммуникациялық жабдықтарды өндіруші ZTE компаниясының өкілдерімен кездесті.

ҚазҰУ ZTE компаниясымен байланыс орнатты



Жүздесуде қос тарап цифрлық трансформация саласында ынтымақтастық орнату және инновациялық технологияларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелерін талқылады. ҚазҰУ басшысы меймандарға әлемге әйгілі компаниялармен бірлесіп жұмыс істеудегі университет тәжірибесімен бөлісті.

«Университетте Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, «Лаборатория Касперского», Huawei және өзге де жоғары технологиялық ком-

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңес отырысында ЖОО-ны зерттеу университетіне трансформациялау бағдарламасы талқыланып, жүзеге асыру бойынша нақты шаралар ұсынылды.

қызу жүріп жатыр. Негізгі міндеттерді шешуге және ұзақ мерзімді мақсаттарды жаңартуға басты назар аудару қажет. Бүгінгі басқосудың тақырыбы осы болмақ», – деді ЖОО басшысы.

Алдымен ақпараттық технологиялар факультетінің деканы Байдәулет Ұрмашев Ғылыми кеңес қатысушыларының назарына факультеттің даму стратегиясын жүзеге асыру жоспарын таныстырды. Онда ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына университеттік ғылымның үлесін арттыру, ғылыми қызмет пен білім беру процесін интеграциялау мәселе-

лерін көтерді. Сондай-ақ спикер жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде осы мақсаттарға қол жеткізу үшін нақты шараларды белгіледі. Олардың негізгілері: университет ОПҚ және нақты сектор мен бизнес өкілдерімен бірлесіп оқытуды жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының үлесін арттыру; ҚР ғылыми-зерттеу ұйымдарымен біріккен ғылыми жобаларды іске асыру; IT саласында және аралас салаларда ілгері ФЗЖ жүргізу және тағы басқа.

Жалғасы 2-бетте

Отырысты ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ұжым алдында тұрған стратегиялық міндеттерге тоқталды. «Жаңа оқу жылына дайындық

Ғылыми зертханалар желісі ұйымдастырылады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Кембридж университеті ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықты дамытуды жалғастыруда.

Кездесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниет білдіріп, білім беру қызметіндегі серіктестіктің басым бағыттарын талқылады. Сонымен қатар жүздесуде бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, университеттер арасында ғылыми зертханалар желісін ұйымдастыру туралы бастама қарастырылды. Олар тек іргелі зерттеулер жүргізіп қана қоймай, Қазақстан өнеркәсібін де белгілі бір қызметтермен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Бүгінгі таңда 30 қызметкер-зерттеуші Нобель сыйлығын алған Кавендиш зертханасы студенттер

академиялық білім алып, атақты ғалымдар мен профессорлармен қатар қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізе алатын алғашқы оқу-ғылыми зертханасы болып табылады.

Айта кетсек, Кембридж университеті – әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бірі. Бұл беделді білім ордасында 130 Нобель сыйлығының лауреаты жұмыс істеген. QS халықаралық рейтингінде ол әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының бестігіне кіреді.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



Дмитрий САВКИН:

С КазНУ у нас давние партнерские отношения

3 >>



Шығармашылық пен инновация орталығы

4 >>



Файсал ГУЛЗАД:

Үздік университет студентімін

7 >>

Зерттеу университетінің мақсаты айқын

Соңы. Басы 1-бетте

Зерттеу университетінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – жоғары оқу орнының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару моделін құру. Бұл тақырып бойынша ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректоры Әсел Уәлиева баяндама жасады. Ол аталған мақсаттарды іске асыру үшін бірқатар шараларды қолға алу қажет екенін атап өтті. Оның ішінде корпоративтік басқару жүйесіне тартылған, университет базасында және бөгде ұйымдарда кәсіби даму курсы арқынан өткен, цифрлық құжат айналымын пайдаланатын ОПК, білім алушылар мен қызметкерлер үлесін арттыру және шетелде университет филиалдарын ашу атап айтылды.

Сондай-ақ шаралар кешіне университетте академиялық еркіндікті дамыту және институционалдық дербестік, академиялық еркіндік және қазіргі заманғы басқару құрылымы қағидаттарына интеграциялану үшін кеңестер құру кіреді. Университеттің ОПК, студенттері мен қызметкерлерін стратегиялық және операциялық даму мәселелерін шешуге тарту, сондай-ақ инфрақұрылымды цифрлық трансформациялау және

жаңғырту маңыздылығына да назар аударылды.

Жиын барысында 2022/23 оқу жылында бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен іс-шаралары туралы медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы Жанна Қалматаева баяндама жасады. Ол факультет ұжымының алдында тұрған негізгі мақсаттарды айта келе, жетекші әлемдік бейіндегі жоғары оқу орындарымен әріптестікке қол жеткізу, ҚР-дағы және халықаралық деңгейде медициналық білім берудің үздік жоғары оқу орындарымен қосдипломды бағдарлама дайындап, медициналық білім беру және ғылыми ұйымдар арасындағы рейтингтің озық ұстанымдарының бестігіне кіру туралы алға қойған міндеттерді тілге тиек етті.

Бұдан әрі университеттің барлық факультет декандары алдағы жаңа оқу жылына арналған даму жоспарларын алға тартты.

Жиынға қатысушылар баяндамаларды белсене талқылап, білім ордасының 2022/23 оқу жылына арналған зерттеу университетіне трансформациялау бағдарламасын іске асыру бойынша ұсыныстарын енгізді.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ҚазҰУ ZTE компаниясымен байланыс орнатты



Соңы. Басы 1-бетте

Оқытушылар мен студенттер Smart технология, робототехника, жасанды интеллект және оқу-зертханалық стендтері бойынша жобаларды әзірлеп, іске қосты», – деді университет басшысы.

Сөз соңында Жансейіт Түймебаев түрлі білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобаларды іске асыруға мүдделі екенін және цифрлық трансформация саласындағы жемісті ынтымақтастыққа бағытталған барлық бастамаларды қолдауға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде ТМД елдеріндегі ZTE бизнесін дамыту жөніндегі бас директор Вэй Вэй ZTE Corporation туралы толық ақпарат беріп, өз ұсынысын білдірді.

«ZTE компаниясы 1985 жылы Қытайдың Шэньчжэнь қаласында құрылған. Бүгінгі таңда әлемнің көптеген елінде компанияның зерттеу орталықтары жұмыс істейді. Компания Оңтүстік Азия, Солтүстік Америка, Еуропа, Латын Америкасы, Африка және ТМД-дағы 500-ден астам байланыс операторларына қызмет көрсете отырып, 140 ел мен аймаққа жабдықтар мен қызметтер жеткізіп отыр», – деді Вэй Вэй.

Кездесу соңында Вэй Вэй серіктестік орнату маңызды қадам болатынын тілге тиек етті. Сондай-ақ бірлескен жобалар бойынша жұмысты одан әрі жандандыруға дайын екенін жеткізді.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жетекші білім ордасы өз ұсыныстарын білдіреді

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қызметіне арналған дөңгелек үстел өтті. Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, депутаттық корпус, ЖОО, қоғамдық кеңес өкілдері, кәсіпкерлер, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының мүшелері қатысты.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев қордың мақсаты мен міндеттері туралы айта келе, қор жобалары мен бағдарламаларын таныстырды.

«Бүгінгі жиынымыз әйгілі уни-



Сұлтанғали Садырбаев туралы кітап жарық көрді

Бүгін профессор, филология ғылымының докторы, Ыбырай Алтынсарин және Жамбыл Жабаев атындағы халықаралық сыйлықтарының лауреаты Сұлтанғали Садырбаевтың 90 жылдығы аталып өтті.

Шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, филология ғылымының докторы Бауыржан Жақып пен Жансейіт Әбдезұлы, белгілі қоғам қайраткері Нағашыбек Қапалбек, академиктер мен профессорлар және ұрпақтары қатысты.

Жиында жоғары оқу орнының басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, профессордың өмір жолына кеңінен тоқталды. «Сұлтанғали Садырбаев ғұмырын қазақ халқының ауыз әдебиеті мен фольклор жанрын зерттеуге арнады. Нәтижесінде «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Жамбыл және фольклор», «Фольклор және эстетика», тағы да басқа оқулықтар мен монографиялар жазды. Әл-Фараби атындағы Қазақ



верситетімізде өтіп отырғандықтан, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру бағдарламасы туралы баяндап өтейін. Біз аз қамтылған және мұқтаж отбасылардан шыққан талапкерлер үшін гранттар санын көбейттік. Нәтижесінде 85 ЖОО-ның әрқайсысына 10 гранттан берілді. Сонымен қатар 1500 грант пен стипендия «Taiburyl» қоғамдық бірлестігі арқылы бөлінеді», – деп атап өтті Болат Жәмішев.

Жиын барысында Әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жоғары оқу орындары да қоғамның түйінді мәселелерін шешуге қатысатынын жеткізді.

«Бүгінгі дөңгелек үстел өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететініне сенімдімін. Біз де шет қалмаймыз. Еліміздің жетекші университеті ретінде өз ұсыныстарымызды білдіреміз», – деді университет ректоры.

Дөңгелек үстел жұмысы қатысушылар арасындағы пікір алмасуға ұласты. Жиналғандар өңір ерекшелігін және қордың тұжырымдамасын ескере отырып, «Қазақстан халқына» қорының қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларына қатысты өз ойларын ортаға салды.

Шара соңында Алматы қаласының әкімдігі мен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арасында ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.

Әйгерім ӘЛІМБЕК



ұлттық университетінің филология және журналистика факультетінің студенттеріне 48 жыл дәріс оқыды. Бүгінде филология факультетінің бір дәрісханасы Сұлтанғали Садырбаевтың атында. Биыл аудитория күрделі жөндеуден өтіп, жаңа

құрылғылармен толықты», – деді Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ басқосуда белгілі қоғам қайраткерлері мен профессорлар, Сұлтанғали Садырбаевтың шәкірттері сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Шара барысында университеттің бастамасымен «Фибратты ғұмыр» сериясы аясында басылып шыққан «Сұлтанғали Садырбаев» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітапта профессордың өмірбаяны мен зерттеулері, қанатты сөздері, мұрағат құжаттары, толғаныстар мен естеліктері қамтылған.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

На базе КазНУ им. Аль-Фараби открылся и начал прием абитуриентов филиал Национального исследовательского ядерного университета МИФИ (Московский инженерно-физический институт). Это для казахстанской молодежи прекрасная возможность получить престижный диплом и востребованную специальность одного из лучших университетов мира. Филиал был открыт в Алматы на основании соглашения, инициированного Главой государства РК Касым-Жомартом Токаевым и Президентом РФ Владимиром Путиным. Уникальные образовательные программы филиала НИЯУ МИФИ ориентированы на профессии будущего и соответствуют международным стандартам инженерного образования. Прием в МИФИ осуществляется в этом году на программы «Физика элементарных частиц и космофизика» (направление «ядерная физика», бакалавриат), «Защищенные высокопроизводительные вычислительные системы» («IT», бакалавриат и магистратура). В филиале МИФИ на базе КазНУ можно получать знания от ведущих профессоров МИФИ из разных стран мира, не покидая страну. Дипломы бакалавров и магистров НИЯУ МИФИ российского образца действует во многих странах мира. Недавно КазНУ рабочим визитом посетили проректор университета МИФИ Дмитрий Александрович Савкин и советник ректора университета Нуржан Нурланович Нурахов. Официальные представители московского вуза рассказали о направлениях МИФИ, как в современный период университет себя позиционирует на мировом рынке в области передовых технологий и в ядерной физике.

Дмитрий САВКИН, проректор университета МИФИ:

С КазНУ у нас давние партнерские отношения

– Дмитрий Александрович, расскажите о вашем университете, по каким направлениям работает современный МИФИ?

– Наш университет был создан в 1942 году, во время Великой Отечественной войны. Но сейчас, когда нам 80 лет, мы выросли из этой маленькой школы и перешли в Глобального технологического трансформатора. Наш университет несет в себе не только обучение по ядерным специальностям, но и лазерным, плазменным, IT-технологиям, кибербезопасности, медицине, лечебному делу, биоинженерии и многим другим. У нас есть и не технические специальности – управленческие и экономические, но основное ядро направлений подготовки – это инженерные специальности. Наш университет можно обозначить, как место подготовки высококлассных инженеров мирового уровня. И, конечно, в этом смысле мы являемся очень притягательным вузом для обучения ребят из Казахстана. Наши выпускники идут работать во многие международные организации. Мы сейчас совершенно другой университет и обновляемся каждый день. Сейчас у нас 12 филиалов внутри страны и филиал в Ташкенте, который мы открыли 3 года назад. И вот сейчас открываем филиал на базе КазНУ имени Аль-Фараби с набором в этом году.

– Почему именно КазНУ был выбран для открытия филиала МИФИ в Казахстане? Какие к этому были предпосылки?

– С КазНУ у нас давние связи, очень хорошие отношения. В конце прошлого года мы приняли делегацию правительства Казахстана. Нам предлагали сотрудничать с казахстанскими университетами. Из трех вариантов мы выбрали КазНУ, потому что у нас давние партнерские отношения, с другой стороны Алматы – это культурный центр Казахстана. Здесь достаточно большая агломерация, недалеко от города, в пос. Алатау есть ядерный центр. Это тоже имеет



Дмитрий Александрович Савкин



Нуржан Нурланович Нурахов

роль, потому что одно из направлений нашей работы связано с ядерными технологиями. В КазНУ очень качественная среда, хорошая инфраструктура, здесь тысячи студенты социализируются, находят себе друзей, творят, создают новые проекты. Поэтому инфраструктура, предложенная правительством Казахстана оказалась нам очень комфортной. И мы хотим внести свой вклад в развитие КазНУ.

– Открытие филиала – это трудоемкий процесс, сходу не все моменты отработываются. В первую очередь по каким направлениям планируете работать?

– Открытие филиала будет в начале сентября, а обучение планируем начать с 1 октября. В данное время у нас есть две бакалаврских программ. Одна из них – ядерная физика и технология, а именно физика элементарных частиц и космофизика. Это направление связано с подготовкой специалистов по космологии, по элементарным частицам. Они могут профилироваться как в работе на станции, так и в исследовательских структурах. Вторая программа – это информатика и вычислительная техника. Это общее направление.

То есть высоконагруженные системы. Это бакалаврская программа, в рамках которой у нас есть три трэка, то есть студенты изучают либо софт с упором на язык C, C++ питон, и они становятся не только программистами, но и специалистами по большим системам – предотвращению угроз, защите данных, защите от хакерских атак. Это если они выберут софтовый трэк. Если выбирают трэк хадуэр, то учатся проектировать процессоры, т.е. схемотехнику, архитектуру графического процессора. Я могу сказать, что выпускник нашего университета работает директором департамента по информационной безопасности в компании Nvidia (США) – крупнейшая компания в мире по производству графических чипов, поэтому будущее майнинга, можно сказать в наших руках. У нас еще есть магистратура поэтому же направлению – IT, т.е. высоконагруженные системные технологии с упором на ресерч. Что касается признания российского образования, это тоже часто задаваемый вопрос. Признание российского образования обеспечивается межправительственным соглашением. Оно есть у России с большинством стран

мира, поэтому студенты, заканчивая, ориентируются на межправсоглашение. Приезжая с нашим дипломом в США, они могут устроиться на работу, потому что есть межправсоглашение между Россией и США.

– То есть, на первых порах филиал будет делать упор на IT-направление?

– В этом году – да. Мы заводим две специальности – IT и ядерную специальность на уровне бакалавриата. И IT на уровне магистратуры. Но в следующем году мы будем расширять спектр специальностей. Сейчас приходит большое количество запросов от наших

работать на станции. В принципе, у нас достаточно широкий спектр людей из разных стран. И, конечно, человеческий капитал для нас является самой главной и непреложной ценностью. Например вот Нуржан Нурланович, с кем вместе приехали, учился в Алматы, закончил МИФИ и фактически осуществил казахстанскую мечту – открывает здесь филиал. Сейчас он работает в одном из лучших университетов мира советником ректора. Это очень интересный опыт. Если бы он не закончил МИФИ, возможно, его судьба была бы немного другая.

– Нуржан Нурланович, получается, вы один из тех кузнецов и идейный вдохновитель? Насчет филиала все у вас по плану идет?

– Да, я родился и вырос в Алматы, окончил школу. Поступил в МИФИ. Путь мой был достаточно тернистый. Я занимался и научной деятельностью, и преподавательской. Работал в промышленности. И в какой-то момент меня пригласили на должность советника ректора альма-матер. Когда услышал о возможности открытия филиала в Казахстане, в своем родном городе, конечно, был вдвойне счастлив. Мы сегодня с проректором Дмитрием Александровичем специально приехали в Алматы, чтобы проконсультировать абитуриентов, их родителей о том, как будет проходить обучение, какие вступительные экзамены они должны будут испытать. Помимо этого, на базе приемной комиссии КазНУ имени Аль-Фараби у нас имеется стенд. Там есть наши консультанты, которые подробно расскажут о направлениях обучения, о том, как к нам поступить, кто и как будет преподавать. Наш филиал будет располагаться на базе физико-технического факультета КазНУ. Нам уже выделили целый этаж. Прекрасное современное помещение, современное оборудование. Выделено общежитие, в котором будут проживать иногородние студенты. Так что с точки зрения инфраструктуры наш филиал полностью подготовлен.

– Уверен, что многих абитуриентов будет волновать вопрос по поводу стоимости обучения, грантовых программ, стипендий. В этом плане что скажете?

– В этом году правительство Казахстана выделило нам сто грантов: из них 15 на магистратуру на информационные технологии, 65 – на бакалавриат по информационным технологиям и 20 – на ядерную физику и технологию. В следующем году надеемся на увеличение грантов. Также у нас будут платные студенты. Мы сможем набрать платных студентов в магистратуру и бакалавриат. Что касается ядерной физики, там есть конкретный заказчик – Министерство энергетики Казахстана, поэтому на это отделение платно мы не сможем набирать. В следующем году мы планируем расширять перечень направлений подготовки. Стоимость обучения на платном отделении – один миллион тенге в год.

– Спасибо за содержательную беседу, удачи вам!

Абдолла Исмаили – химия және химиялық технология факультеті Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының оқытушысы. Ол 1969 жылы Иранда дүниеге келген. Иранның Ұлттық мұнай компаниясының (N.I.O.C) аға мұнай инженері және Таяу Шығыс, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия университеттерінде мұнай инженериясы курстарының дәріс оқытушысы, PhD докторы.



«термодинамика» сияқты кәдімгі курстарда оларға жалпы ұғымдарды үйретеміз. Бұл ұғымдарды зерттеудегі басты алғышарт індетте зерттелуінде жатыр. Мысалы, біз оларға компрессорларды, сорғыларды, турбиналарды, жылу алмастырғыштарды және т.б. (инженерлік пайдалану, жобалау, модельдеу және т.б.) қырысын үйретпекпіз. Алдағы уақытта өнеркәсіптік жобаларға арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық орталық ашу ойымызда бар. Мұнда біз өнеркәсіппен және компаниялармен жақсы

Шығармашылық пен инновация орталығы

Абдолла Исмаили өнеркәсіпте және оқу ордаларында отыз жылға жуық уақыт қызмет етіп келеді. Ол парсы, ағылшын, араб тілдерін жетік меңгерген. Сонымен қатар халықаралық семинарлар мен шеберлік дәрістерін жүргізеді. Таяу Шығыс, Азия, Еуропа, Латын Америкасы және Африка елдерінде халықаралық конференцияларда сарапшы ретінде баяндамалар қасаған. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Мәселен: «Газ өнеркәсібіндегі нанотехнологияларды қолдану» (2010, UAE), «Нанотехнология» (2009, Iran), «Мұнай мен газды тексеру құбырлары» (2014, Rome, Italy). Газ өндірудің, барлаудың, қайта өңдеудің кең ауқымын қамтитын халықаралық журналдарда жарияланған көптеген мақалалардың авторы.

Ғалым – инженер-мұнайшылар қоғамының мүшесі. Мұнай және газ компаниясы Ғылыми зерттеулер мен даму (R&D) комитетінің мүшесі әрі дүниежүзіндегі бірнеше компания мен университеттерге қосқан үлестері мен жетістіктері үшін марапатталған.

– ҚазҰУ-да білім алып жатқан жастардың болашағы жарқын. Олар ғылыммен қатар дамып жатыр деуге толық негіз бар. Университет ұстаздары ғылымның тұтқасын ұстайтын болашақ ғалымдарды дайындап жатқанына еш күмән келтірмеймін. Алдағы уақытта даму үдерісі күн өткен сайын арта түседі деп ойлаймын. Студенттердің ынта-жігеріне қарап, біз, ұстаздар да, шабыттанамыз. Бірақ әлі де студенттердің белсендірек бола түсуін қалаймын.

Былтыр Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанда мұнай өндірудің 122 жылдығына орай ұйымдастырылған «Заманауи мұнай өңдеу» атты іс-шара өткізілді. Іс-шараға Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының студенттері, магистранттары, оқытушылары қатысты. Тұсау-кесерде Қазақстандағы алғашқы мұнай өндіру, Қазақстанның мұнай саласы, мұнай өңдеудің заманауи үрдістері, мұнайдың

болашағы, мұнай өңдеу зауыттары, мұнайдан жасалған өнімдер саласы, жасыл химияның маңыздылығы, CO₂-нің бөлінуі және т.б. мәселелер көтерілді.

Студенттер, келген қонақтар тарапынан жасыл химия, әлемдегі ең сапалы мұнай, көмірқышқыл газын кәдеге жарату, зауыттардың сапасы және олардың саны туралы және т.б. сұрақтар қозғалған болатын.

Студенттер мұнай химиясы, мұнай-газ ісі, органикалық заттардың химиялық технологиялары мамандықтары бойынша әрі қарай білім алу үшін қажетті, қанағаттанарлықтай жауаптар алды. Осындай кездесулердің жастардың ізденісінде кәдесіне жарап жатқаны шын қуанарлық жайт. Сондай-ақ мұндай іс-шаралардың өз деңгейінде өтіп тұрғаны ұстаз бен шәкірт, яғни екі тарапқа да пайдалы, – дей келе, PhD доктор басқа да шетелдік оқу ордаларында осындай іс-шараларды жиі өткізіп тұратынын тілге тиек етті. Сонымен қатар бірнеше ғылыми-зерттеу жобалары бойынша жоба жетекшісі болған. 200-ден астам еңбектері түрлі конференцияларда ұсынылып, бірнеше журналда жарияланған. Қазіргі таңда оқытушының мұнай және химия өнеркәсібіне қатысты оқулықтары мен мақалалары бойынша халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалынууда.

– ҚазҰУ және басқа да университет студенттеріне арналған жазғы мектеп ұйымдастыру үстіндемін. Жазғы мектепте біз техникалық кәсіби қысқа курстар (жобалау, модельдеу, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б.) ұсына аламыз, бұл біздің және басқа жоғары оқу орындарының студенттері үшін әрі кәсіби қызмет үшін өте пайдалы болады. Біздің және басқа да халықаралық оқу ордаларының студенттері мен компания инженерлеріне арналған біліктілікті арттыру орталығын құру – негізгі жоспарда. Біліктілікті арттыру орталығында біз техникалық кәсіби арнайы курстарды ұсына аламыз. Университеттегі

қарым-қатынаста болу үшін белсенділігімізді арттыру керек. Олармен қажетті ғылыми жобаларды жасау үшін келісімге келе аламыз. Оған студенттерімізде қатысып, өз жобасын ұсына алады және бұл университет пен өндіріс үшін өте тиімді болмақ, – деген Абдолла Исмаили ҚазҰУ-да атқаратын біршама жоба-жоспарларымен бөлісті. Бұл жоспарлардың жастарға молынан пайдасы тиетінін тілге тиек етті. Осы орайда, оқытушы ҚазҰУ туралы көзқарасымен бөлісіп, университеттің артықшылықтарына баса назар аударды.

– ҚазҰУ – технологиялық білім беруде көшбасшы және шығармашылық пен инновация орталығына айналған жоғары оқу ордасы. Осындай білім ошағында жұмыс істеу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл – Қазақстандағы ең мықты университеттердің бірі, ал Қазақстан әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің қатарында. Сондықтан кез келген ғалым, кез келген ұстаз бұл білім ордасынан үйренер тұстары көп екенін жоққа шығармайды. Ғылымға, жаңа технологияға сөзбен емес, іспен қызығатын, нағыз ғылыми ізденістерге атсалысып, біліктілігін арттыратын студенттердің қарасы аталмыш альма матерде көптеп табылады. ҚазҰУ мамандарымен бірлесе отырып, мұнай өңдеудің заманауи үрдістері жайлы теориялық зерттеулер жүргіздік. Оқу ошағының түлектері түрлі салада ғылымның дамуына сүбелі үлес қосуда. Әрине, бұл ҚазҰУ білім сапасының жоғары дәрежеде екенін дәйектейді. Демек, оқу ошағының білім сапасына біздің де қосқан үлесіміз бар. Мен оқытып жатқан пәндер студенттерге ғылыми ізденістер мен ғылыми мақалаларды жақсы жазуға пайдасын тигізеді деп сенемін. ҚазҰУ-да оқытушысың, демек, ғылымға үлесің тиіп жатыр деген сөз, – деп Абдолла Исмаили сөзін қорытындылады.

Нұрбек
НҮРЖАНҰЛЫ

Ғалымдарымыз археологиялық зерттеу жүргізуде

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археолог ғалымдарының жетекшілігімен Абай облысына қарасты Аягөз ауданында алғаш рет кешенді археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде.



Өңірдегі Кеніш қорымынан осыған дейін адам бейнесіндегі балбал тастар табылған болатын. Бұл аймақта 20-ға жуық үлкенді-кішілі қорғандар жатыр. Бүгінгі



таңда зерттеу тобы еліміздің көне тұрғындарының мәдениеті мен өнері, тарихы, наным-сенімдері туралы тың дерек табу мақсатында осы мекенде қазба жұмыстарымен айналысуда. Зерттеушілерге ҚазҰУ-дың Археология, этнология және мұражайтану кафедрасының оқытушылары – Фани Омаров, Бауыржан Бесетаев және Сымбат Сағындықова жетекшілік етеді.

«Абай облысына қарасты Аягөз



ауданында мұндай кешенді зерттеу жұмыстары алғаш рет жүргізіліп отыр. 2021 жылы басталған жоба аясында 60-қа жуық бұрынсоңды белгісіз болып келген қорымдар ашылды. Әр қорымда 10-нан 50-ге дейін археологиялық ескерткіштер бар», – дейді жоба жетекшісі, тарих ғылымының кандидаты Фани Омаров.

Зерттеу жұмыстары барысында Бозай ауылы маңында орналасқан Бозай-1, Бозай-2 қорымдары толық ашылған. Археологтердің айтуынша, ескерткіштер орналасқан аймақ Кеңес өкіметі кезеңінде егістік ретінде қолданылған. Сол себепті қорғандардың көпшілігі нашар сақталған.

Қазіргі уақытта мұндағы үш объектіге археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Бозай-2 қорымының №1 қорғаны кішкентай көлемді, биіктігі – 0,1 м, диа-

метрі – 5 м. Қорымнан 0,5 м тереңдікте шалқасынан тік жатқан адам сүйектері табылды. Қаңқаның оң жақ қабырға сүйектері және бас сүйегі мүлдем сақталмаған.

Бозай-2 қорымының №2 қорғаны толық тоналып кеткен. Олар қорғанның СШ-ОБ бағытында техникамен траншея жүргізіп кеткен. Қорғанның диаметрі – 7 м, биіктігі – 0,3 м. 0,5 м тереңдікте ескерткіштен темірден жасалған

қозғалмалы тілшесі бар айылбас табылды.

Бозай-1 қорымының №1 қорғанында зерттеу жұмыстары жалғасуда. Ол Бозай даласындағы ең үлкен қорғандардың қатарында. Ескерткіштің диаметрі – 30 м, биіктігі – 2,5 м. Қорғанның төбесінде 0,7 м тереңдікте адам сүйектері табылды. Бұл жәдігерлердің қорғандағы негізгі жерлеу орнына қатысы жоқ. Зерттеу барысында қорғанға С-О бағытында екі ор қазылды, нәтижесінде қорған үйіндісінің астынан тағы да тас қоршау анықталды. Тас қоршаудың орталық бөлігінен жерлеу қабірі табылып, зерттелу үстінде.

Сондай-ақ зерттеу жұмыстары барысында археологтер Бозай мектебінің оқушыларына қазба аймағы бойынша экскурсия жүргізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Әйгерім ӘЛІМБЕК

Как выбрать свой путь в профессии?

В послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» особо подчеркивается значимость ранней профориентации детей. «Подростающее поколение должно осознанно относиться к выбору будущей профессии», – отметил Глава государства. Президент считает, что «основой национального стандарта образования в стране должна стать политика профориентации – она позволит определять способности учеников и подходящие для них профессии».



Встреча преподавателей кафедры международного права с учениками школы №73

В настоящее время налицо необходимость вузам строить профориентационную работу на основе сформировавшейся потребности в сотрудничестве со школами. Ведь новым общественно-экономическим условиям требуется новый человек – яркая индивидуальность, личность, способная творчески мыслить, любящая свою профессию. Профессиональное самоопределение студента начинается еще в его довузовский период, т.е. в школе, и поэтому единство профориентационной работы вузов и общеобразовательных школ является вполне правомерным.

«В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025» годы предусмотрены меры по выработке единых подходов к профориентационной деятельности. Как известно, в настоящее время идет уточнение целей школьного образования в целом. Социальный заказ школе – воспитание творческой, современно мыслящей и активно действующей личности. Таким образом, делается ставка на формирование и развитие интересов, способностей и склонностей личности, создающая положительную мотивацию учения.

На современном этапе развития нашего общества создаются

условия для того, чтобы каждый школьник мог развить таланты, дарованные ему природой, реализовать себя как личность. Основное внимание уделяется развитию у школьников компетенции, которые бы помогли им найти свое место в жизни, правильно выбрать будущую профессию, развивать те способности, которые будут необходимы им для будущей карьеры. Компетентностный подход предполагает четкую ориентацию на будущее, которая проявляется в возможности построения своего образования с учетом успешности в будущей профессиональной деятельности.

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби – это высшее учебное заведение с богатым и многолетним опытом профориентационной работы. Это ведущее учреждение системы высшего образования страны, готовящее компетентных специалистов. Каждый год преподаватели университета проводят «День открытых дверей». Школьники в беседах с профессорско-преподавательским составом выделяют сознательный выбор специальности этого вуза в связи с тем, что получают достаточно интересную информацию о факультетах от ученых и педагогов, которые

посещают классные часы в школе и предоставляют им всю информацию об учебном процессе факультетов, рассказывают подробно о себе, как они достигли творческих успехов. Педагоги, в таких случаях, становятся для школьников не только источником информации, но и в какой-то степени примером подражания. Другой возможностью набора качественного контингента является ежегодно проводимый проект «Олимпиада Аль-Фараби».

Наше исследование показало, что неосознанный выбор будущей профессии связан с тем, что школьники не обладают полной информацией о востребованных профессиях, о своих собственных интересах и возможностях, о предрасположенности к определенному виду деятельности. Выбор профессии, чаще всего, осуществляется по настоянию родителей, далее привлекает значительное коли-

чество грантов, выделенных на ту или иную специальность, а также проходной уровень ЕНТ, и в итоге мы получаем дефицит одних специалистов и избыток других. Поэтому, кроме вышеуказанных форм, качественному набору будущих студентов предшествует кропотливая профориентационная работа преподавателей университета, которые знакомят школьников с основами вузовского процесса, а также помогают им в выборе специальности, организуют на базе вуза и школ встречи со специалистами разных профессий. Для расширения у школьников профессионального интереса проводятся «Дни встречи» с выпускниками вуза. Задачей преподавателей является с одной стороны, за время встреч со школьниками стараться закрепить и развить наметившийся профессиональный интерес, с другой – специальная, целенаправленная работа по формированию ре-

